

**Баспасөз релизі**

**2013 жылдың қорытындылары бойынша Halyk Тобының Қазақстандық қор биржасынан алған марапаттары туралы**

3 маусым

2014 ж.

**«Қазақстандық қор биржасы» АҚ (KASE) 2013 жылғы қорытындылар бойынша KASE ең көзге түскен мүшелерін мадақтаудың дәстүрлі рәсімін өткізді. Halyk Тобының екі компаниясы әр түрлі номинацияларда «Қазақстандық қор биржасы» АҚ беделді марапатына ие болды.**

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ бірнеше жыл бойы халықаралық инвесторлар мен сарапшылардың құрметіне лайық болып, өз бизнесін ашықтық қағидаттарында құрайтын Қазақстандағы жетекші қаржы тобының көшбасшысы ретінде «Экономикадағы қаржы секторының листингтік компаниялары» тобында KASE «Ашықтыққа ұмтылыс үшін» дипломына ие болып келеді.

Бұған қоса, «Мемлекеттік бағалы қағаздар биржалық нарығының көшбасшысы» номинациясында «Күміс» диплом «Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы – «Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ-на берілді.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары Дәурен Қарабаев:

– Өткен жыл отандық қор нарығы үшін оңайшылығын салмады, - деп атап өтті, – Сондықтан, биржа мүшелері болып келетін марапатталған компаниялар өз бизнесінің өсу мүмкіндігін көрсеткені бір керемет. Бұған қоса Қазақстандық қор биржасының марапаттары тағы да Халық банк Тобының ашықтығы мен тиімділігін көрсетті. Біз компанияларымыздың табыстылығына үлес қосқандарға, олардың ішінде серіктестеріміз, клиенттеріміз, инвесторларымыз және акционерлерімізге алғыс айтамыз.

Жеңімпаздар KASE Басқармасының 2014 жылғы 28 ақпандағы шешімімен «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ең көзге түскен мүшелерін жыл сайынғы мадақтау ережелеріне сәйкес белгіленді, Ережелер мәтіні KASE веб-сайтында келесі мекен-жай бойынша жарияланған [http://www.kase.kz/files/normative\\_base/diploms\\_kaz.pdf](http://www.kase.kz/files/normative_base/diploms_kaz.pdf).

\*\*\*

*«Қазақстан Халық Банкі» АҚ клиенттер базасы мен таралу желісі ең үлкен болатын Қазақстандағы жетекші қаржы тобы әрі жетекші бөлік сауда банкі болып табылады. Банк әмбебап қаржы тобы ретінде дамып келіп, өзінің бөлік сауда клиенттеріне, шағын және орта бизнес клиенттеріне және корпоративтік клиенттеріне қызметтердің кең ауқымын (банктік, зейнетақылық қызметтерді, сақтандыру, лизинг бойынша қызметтерді және активтерді басқару қызметтерін) ұсынуда. Сонымен бірге Банк өз операцияларын Ресейде, Грузияда және Қырғызстанда іске асырады.*

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ  
Баспасөз қызметі,  
тел. +7 727 2 590 816, [www.halykbank.kz](http://www.halykbank.kz)**